ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 07 маусым №5265-24-00-2/961 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.М.Конысбаева,
сот отырысының хатшысы Б.Сагинбековтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Асель» Пірімқулова Әсел Уәліханқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап коюшының өкілі М.Н.Зұлпыхар
жауапкер Ә.У.Пірімқулова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 ақпандағы тараптар арасында №37 санды «элекронды дүкен» мемлекеттік сатып алу тәсілімен туралы шарты түзілген (әрі қарай – шарт).

Шарттың 1-қосымшасына сай, жауапкер жалпы сомасы 212 970 теңгеге «сұйықтық жуу құралы таурын» шарт жасалған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 13 наурызына дейін жеткізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер өзін міндеттемелерін орындамаған.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Конысбаева Д. М., 30.07.2024
5265-24-3-1/1001

Талап қоюшы жауапкерге шартқа сәйкес, өзінің міндеттерін орындамады деген негізбен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер Ә.У.Пірімқулова талап қоюды мойындамай, қарсы пікірде көрсетілген негіздермен талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 26 ақпан № 37 шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Осыған байланысты, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Асель» - Пірімқулова Әсел Уәліханқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Конысбаева Д. М., 30.07.2024
5265-24-3-1/1001

Дара кәсіпкер «Асель» - Пірімқулова Әсел Уәліханқызынан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.07.2024, судья Конысбаева Д. М., 30.07.2024

5265-24-3-1/1001